

## ПЕДАГОГТИҢ ӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУІНДЕГІ Ы. АЛТЫНСАРИН ӨНЕГЕСІ

*Суинкина Биалаи Балтиевна*

Қостанай облысы әкімдігі білім беру басқармасы  
«Қостанай педагогикалық колледжі» КМҚК  
филология кафедрасының оқытушысы

*Чуркина Татьяна Александровна*

Қостанай облысы әкімдігі білім беру басқармасы  
«Қостанай педагогикалық колледжі» КМҚК  
оқу-әдістемелік жұмысы бойынша директордың орынбасары  
педагогика ғылымдарының магистрі

### Аннотация

Өзектілігі: Мақалада Ы.Алтынсариннің ұлы ағартушы-педагог ретінде танылуына бастау болған қасиеттері: мақсаткерлігі, табандылығы, өздігінен білім алуға ұмтылуы, өзін-өзі жетілдіруі, тынымсыз еңбектенуі, ізденісі екенін көрсету.

Мақсаты: Ыбырай Алтынсариннің қазіргі мұғалімдерге, болашақ педагогикалық кадрларға үлгі бола алатынын көрсету.

**Түйінді сөздер:** білім, мектеп, оқулық, өздігінен білім алу, өзін-өзі жетілдіру, өмір бойы оқып үйрену.

### Аннотация

Актуальность: В статье было отмечено, что предпосылками признания И. Алтынсарина великим педагогом-просветителем являются его качества: целеустремленность, настойчивость, стремление к самообразованию, постоянное самосовершенствование, неустанный труд, творческий поиск.

Цель: Показать, что Ибрай Алтынсарин может служить примером для подражания нынешним учителям, будущим педагогическим кадрам.

**Ключевые слова:** образование, школа, учитель, самообразование, самосовершенствование, учиться всю жизнь.

### Abstract

Relevance: In the article it was noted that the prerequisites for the recognition of Y. Altynsarin as a great educator are his qualities: purposefulness, perseverance, the desire for self-education, constant self-improvement, tireless work, creative search.

Goal: To show that Ibray Altynsarin can serve as a role model for current teachers, future teaching staff.

**Keywords:** education, school, teacher, self-education, self-improvement, lifelong learning.

*«Мен жақсы мұғалімді бәрінен де  
қымбат бағалаймын» (Ы.Алтынсарин)*

Педагог мәртебесін көтеру сол педагогтің өз қолында екенін Ыбырай бабамыз өз өнегесімен көрсетіп кетті. Ы.Алтынсаринді ұлы ағартушы-педагог деңгейіне жеткізген факторлардың бірі оның бала кезінен білуге, өздігінен білімін жетілдіруге деген құштарлығы еді. Бұған алдымен атасы Балғожа бидің ықпалы зор болды. Бала Ыбырай атасының әңгіме, ертегі, мақал-мәтелдерін тыңдап өсті. Кейін Орынбор шекара мектебінде оқып, оны үздік бітіргені мәлім. Алайда алған біліміне қанағаттанбай, өздігінен оқып-үйренуді мақсат етті. Алдына қойған мақсаттарына тынымсыз іздену, еңбектену арқылы жетіп отырды.

Алдымен Ыбырай оқыған мектеп туралы бірер сөз. Орынбор шекара комиссиясының жанындағы мектеп тек қазақ, оның ішінде ата-анасы үкіметке қызмет көрсеткен немесе ерекше адалдығымен танылған ата-аналардың балаларына арналған. Мектеп ашудың басты мақсаты – қазақ балалары арасында орыс тілі мен жалпы білімді насихаттап, сұлтандар мен өзге де шенеуніктер қарамағында қызмет ететін аудармашылар мен хатшылар, өзге де қызмет атқарушыларды даярлау болды. Осы «өзге де қызметкерлер» қатарына мұғалімдер де кірді.

Бала Ыбырайдың білімге құштарлығы, ізденімпаздығы мектеп қабырғасында айқын көрінді. «Орынбор мектебінде Ыбырай өз бетімен ізденіп оқып, сыныптағы 30 баланың ең үздігі болып танылады» [1, б.382]. 1957 жылы 16 жасында оқу бітірген Ыбырай атасы Балғожа бидің қарамағында екі жыл тілмаш болып қызмет істейді. 1859 жылы Орынбор облыстық басқармасында кіші тілмаштыққа ауысады. Алған біліміне қанағаттанбай жүретін Ыбырай өздігінен білім алу мақсатын қояды. «Менің білімім өте аз, соны біле тұра мен өз білімімді іске қосқым келеді, өйткені ешкім іске кіріспесе, өздігінен келетін нәрсе жоқ қой» дейді. Ыбырайдың «...жақсы адамдармен таныс болу, өзімнің ақыл-ойымды, білімімді арттыру – мұның бәрі де менің сағат сайын ойлайтыным еді», «кітап – ажырамас серігім», «кітап оқу ойымды сергітеді» деген сөздері оның өздігінен білімін толықтыруға, ұдайы оқып отыруға деген ынтасының өте жоғары болғанын айғақтайды. Өне бойы білген үстіне білмекке ұмтылған Ыбырай өнегесі қазіргі заман талабы- «өмір бойы оқып-үйрену» қағидатымен үндеседі. Бұл – Алтынсарин мұрасы өміршеңдігінің айқын бір көрінісі болса керек. Ал оқып-үйрену үшін кітап қоры, ақпарат көзі болуы шарт. Бұл ретте жас Ыбырайдың жолы болды.

1859 жылы Алтынсарин Орынбор облыстық басқармасына тілмаш болып орналасты. Ол мектепте алған білімінің тіптен мардымсыз екенін жақсы түсініп, өздігінен білім алуға бел шеше кіріседі. Ыбырай шығыстанушы ғалым, басқарма басшысы В. В. Григорьевпен жақын танысып алады. Өзге халықтардың жетістіктерін барынша білуге тырысып, көп оқиды. Орыс тіліндегі кітаптар мен мақалаларды оқи отырып, ол мәтінмен көп жұмыс істеп, түсініксіз сөздерді теріп жазып алып отырады. Осылайша ол орыс тілін меңгеруде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Бұл турасында Н.И.Ильминский былай деп жазады: «Григорьевтің (облысты басқарушы) бай кітапханасы болған. Григорьев Алтынсаринге негізгі қызметінен қолы бос уақытында кітап оқуға рұқсат берді. Орыс тіліндегі кітаптарды оқи отырып, Алтынсарин В. В. Григорьевтің кеңесі бойынша өзіне белгісіз сөздерді қалың дәптерге көшіріп жазатын, олардың көбі шет тілдерінен енген сөздер болатын. Ал Василий Васильевич болса әр сөздің тұсына оның қысқаша мазмұнын жазып беретін және олардың басымы шетелдік сөздер болатын» [2, б. 20-21].

Ыбырайдың аудармаға әуестігі кейін пайдаға асқанын алдымен осы тұста айта кетелік. Ол қазақ балаларына арнап орыс тілі оқулығын жазғаны белгілі. Ыбырай бұл кітабында екі тілде сөздік жасап, қазақтың 1500 астам сөзіне орысша балама берген. Демек, Алтынсарин – орысша-қазақша сөздік жасаған адам. Ыбырайдың пікірінше, тіл үйренушінің сөйлеуге қажетті сөздер минимумы болуы тиіс және ол орыс тілінің қарапайым ерекшеліктерін меңгеруі қажет. Осы тұста Алтынсариннің жақсы әдіскер де бола білгендігін айта кеткен жөн. Және оның бұл тұжырымы қазіргі тіл үйрету әдістемесімен сәйкесетініне таңғалмасқа болмайды. Соңғы жылдары екінші тілді меңгеруде алдымен жиі қолданылатын сөздер сөздігін түзу ұсынылғаны мәлім, сонан соң сөздік қорды бірте-бірте молайта беруге болады. Өкінішке қарай, елімізде қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болғанына отыз жылдан астам уақыт өтсе де, еліміздің бас тілі өз деңгейінде қолданылмай келеді. Осыған орай Президент К.Тоқаев: «Мемлекеттік тілді білу- әрбір азаматтың парызы. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Тұтас буын алмасқан осы жылда рiшiнде қазақ тiлiн үйрегісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы «деген сөз бар. Ең бастысы ынта болуы керек», – деген болатын.

Енді педагогтік қызметіне ауысалық. 1860 жылы облыстық басқарма оған Торғай қаласында қазақ балаларына арналған мектеп ашуды тапсырды, онда ол орыс тілінің мұғалімі болып тағайындалды. Алтынсарин өзінің мұғалім ретіндегі жұмысының алғашқы қадамдарынан бастап мектеп ісін, дидактика мен әдістеме мәселелерін жан-жақты зерттейді. Өздігінен білім алуды мұғалімдік қызметінің ажырамас бір бөлігі санайды. Бұл туралы ыбырайтанушы ғалым А.Сыдықов былай деп жазады: «Алтынсарин өзінің сүйік-

ті ісіне толығымен беріліп, сонымен қатар алдыңғы қатарлы орыс және Батыс Еуропа педагогикалық әдебиетін зерттеумен айналысты. Бірте-бірте оның қазақ халқы арасындағы ағарту жұмысының мазмұны мен нысандары туралы ойлары қалыптасты» [3,22].

Мұғалімдік қызметінде жас педагог Алтынсарин орыс достарының көмегіне жүгінеді. 1862 жылы пошта арқылы Ыбырай ұстазы әрі досы Н.И.Ильминскийден кітаптар алды, ішінде Николай Ивановичтің авторлығымен шыққан «Самоучитель русского языка для казахов» оқулығы бар. «Сіздің орыс тілін үйретуге арналған оқу құралдарыңыз оқушылардың жетекші оқу құралы болып отыр. Бұл оқу құралында, әсіресе, балаларға орыс тілін бірте-бірте үйрету тәртібі тамаша баяндалған екен» (1862 жылғы 26 қаңтар). 1864 жылғы 16 наурызда жазған хатында «Самоучитель русского языка для казахов» оқу құралының тағы 5-6 данасын жіберуді сұрайды. 14 сәуірде: «Детский мир», «Жалпы тарих», қанша болса да «Самоучительдерді» қосып жіберіңіз» деп жазады.

1861-1863 жылдары Алтынсарин орыстың ұлы педагогі К.Ушинскийдің «Балалар әлемі» атты педагогикалық еңбегімен танысып, аса жоғары бағалайды. Кітап оған қаты ұнағанын, онда аудармақ болып жүрген мақалалар көп екендігін айтады.

Ендігі жерде Ыбырай қазақ балалары үшін оқулық жазуды ойластыра бастайды. 1870 жылы Алтынсарин орыс графикасы негізінде қазақ тілінде оқулық жазу туралы Ильминскиймен ақылдасып, хат жазысады. «Мектеп -қазақтарға білім берудің басты құралы» деп, сол мектепке қажетті оқулықты, яғни болашақ «Қазақ хрестоматиясын» Ыбырай алдыңғы тәжірибеге, сондай-ақ өз күшіне, өзінің ақыл-ойы мен аз ғана біліміне сүйене отырып, қазақ тілінде жазып шығады. Озық тәжірибені зерттеп, зерделеудің оңай еместігі, көп оқып, ізденуді, салыстыруды қажет ететіндігі аян. Бұрын-соңды Қазақ елінде мұндай тәжірибе болмаған еді. Алтынсарин болса мұндай ұлы тарихи жетістікке өзін-өзі дамыту, өзін-өзі ұдайы жетілдіру арқылы қол жеткізді.

«Қазақ хрестоматиясын» (орыс графикасы негізінде қазақ тілінде жазылған, яғни кириллицамен) құрастырған кезде Алтынсарин сол кездегі орыс тіліндегі оқу құралдарының ішінен ең жақсысын үлкен педагогикалық шеберлікпен таңдап алды. Ал таңдаудың бірнеше оқулықты зерделеудің, салыстырудың, қорытындылаудың нәтижесінде жүзеге асатыны мәлім. Әсіресе оған К.Д. Ушинскийдің «Балалар әлемі» кітабы ұнады. Ол оны мұғалімдер тәжірибесінде қолдануға асықты. Ол бұл оқулық ұлты орыс емес балаларды оқытуға ең жақын екенін анықтады. Мектепте екі тілді – қазақ және орыс тілдерін қатар оқып үйренуді ұсына отырып, Алтынсариннің өзі қазақ балаларын орыс және ана тілдеріне параллель үйрете отырып, үш-төрт ай ішінде өте жақсы жетістіктерге жетті.

«Қазақ хрестоматиясы» оқулық ретінде ғана емес, сонымен қатар кезінде мектеп бітірушіге сыйлық ретінде ұсынылғанын А.С.Будиловичтің естелігіндегі мына бір сөздер айғақтайды: «Қазақ хрестоматиясын» ол ақыл-кеңестің көзі, дүниетанымның алғышарты санап, әрбір жастың қолтығына оы кітапты қыстырып жібереді, «қолың босасақ қайта оқып, екінші адам болса, оқып бер» деп тапсырма береді екен» [4, б.41].

Алтынсарин «Оқу құралдарының жайы» атты есебінде: «...мектептердің бәрінде де оқушыларға да, оқытушыларға да қажетті кітаптар мен оқу құралдары бар. Ал, енді өз бетімен оқып, білімдерін арттырғысы келетін қазақтарды кітаппен және басқа да оқу құралдарымен пайдалана алатын орны – кітапхана ашу ұйғарылды. Осыған арнап төрт құрметті қамқоршы қаржы беріп отыр» деп жазады. Алтынсарин оқытушылар үшін де, өзгелер үшін де өздігінен білім алуда, алған білімін кеңейтуде кітапхананың маңызды рөл атқаратынына баса көңіл бөлді.

Сондай-ақ Алтынсарин «Қазақтарға орыс тіліне оқытудың бастауыш құралы» атты оқулық (1879 жылы Орынборда басылып шыққан) жазғанын жоғарыда айтып өттік. Әдіскер-педагог оқушыларға орыс тілін оқытуды олар ана тілін меңгергеннен кейін ғана мүмкін деп санады(осы ұстанымды А.Байтұрсынов та қолдағаны белгілі). Осы тұста балалары шет тілін 12 жастан кейін үйренетін дамыған елдердің, әсіресе Жапонияның, тәжірибесін еске түсірген орынды.

Білім сапасы оқулықтарға да байланысты. Ол қазақ мектебінде пайдаланылатын оқулықтардың сапасына ерекше көңіл бөлді. Ұлы педагог мұғалімдердің әдістемелік әдебиеттер мен педагогикалық журналдарды қолдануы міндетті деп санады. Ыбырай Торғай облысының мұғалімдері үшін «Отбасы және мектеп», «Халық мектебі» журналдарын жаздырып алып отырды.

Алтынсарин 1883 жылғы 12 қаңтарда Ақтөбедегі екі кластық мектеп меңгерушісіне нұсқау хат жазып, онда пайдалануға болатын кітаптар туралы: «бәрін де оқып шықтым, аса пайдалы кітаптар» деп жазады» [4, б.41]. Орыс педагогі Н.Ф.Бунаковтың әліппесі мен оқу кітабы, Бобровскийдің «Педагогикасы», Я.А.Коменскийдің «Ұлы дидактикасы», Бунаковтың «Ана тілі», Д.И.Тихомировтың элементарлық курсы және т.б. атайды. Орынбордан география және тарихтан оқу құралдарын сұратады. «Систематический обзор народной учебной литературы» деп аталатын жинақтың үш данасын жаздырып ала бастады. Ондағы ойы Ырғыз және Троицкідегі мұғалімдерге бір-бір данадан жіберу еді, ақшаны өз қалтасынан төледі» [5,36]. Оқытушылар үшін мамандығын жетілдіруге көмектесетін кітаптарды ұсынады. «Халық ағарту әдебиеті» өте қымбат кітап екен, оны оқытушылардың пайдалануы үшін әрбір мектепке бір-бір данадан жаздырып алғалы отырмын» деп жазады В.В.Катаринскийге.

Алтынсарин оқулықтардың білім алушылар үшін қажетті, пайдалы, ұғынықты болуын ұдайы ескертіп отырған. Бұған дәлел сөздерінің бірі: «Менің ойымша, оқу құралдарын мұғалімдермен және басқа білетін адамдармен күн ілгері сөйлесіп, таңдап алу керек сияқты, өйтпейінше оқыту және жалпы оқу жұмысын белгілі бір жүйеге салуға болмайды, ал белгілі бір жүйеге салынбаса, онда ісіміз ойдағыдай болып шықпайды». Тағы бір атап өтетін жайт: Ыбырай ұсынылған кітаптарды мұғалімдердің өздері бастан-аяқ мұқият оқып шығуға тиістігін қатаң ескертіп отырған.

Қандай да бір оқулықтар бойынша жұмыс тәжірибесін мұқият тексере отырып, Алтынсарин кейін оқулықтардың сапасы туралы мәселе бойынша мұғалімдермен кеңесіп, осылайша оларды қазақ мектебінде қолдану үшін артықшылықтары мен кемшіліктерін белгіледі. Осыған орай Алтынсаринді оқу әдебиетінің тәжірибелі сарапшысы болды деп те айтуға болады. Бір өзі қазіргі «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығының қызметін атқарды десек, артық болмас.

«Ұстаздардың ұстазы» атанған Алтынсариннің қай әрекеті болсын қазіргі заман талаптарымен үндесіп, өзектілігімен тәнті етеді. Осы айтылғандардан түйетініміз: оқу-тәрбие жұмысының сапалы, нәтижелі болуы педагогтің қолында. Білімді де білікті, талапты да талантты, ұтқыр да бәсекеге қабілетті, шығармашыл ұстаз қашанда абырой биігінен көрініп, сапалы адами капиталдың қалыптасуына зор ықпал етеді. Бұған Ыбырай бабамыздың өнегесі айғақ. Адам нанғысыз, өлшеусіз еңбегімен, жан-жақты педагогикалық қызметімен білім саласының шамшырағы болып жарқырады.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда мұғалімнің рөлі ерекше. «Мен жақсы мұғалімді бәрінен де қымбат бағалаймын», – деп жазды Ы.Алтынсарин. Ыбырай орыстың ұлы педагогі К.Д.Ушинскийдің: «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ол оқуды, ізденуді доғарған күні оның мұғалімдігі де жойылады» деген өсиетіне мән берді. Өмір бойы оқып-үйренуді ұстанған Алтынсарин өнегесі өміршеңдігімен құнды. Ұдайы білімін жетілдіріп отыратын педагогтің функциялық сауатты болатыны белгілі. «Бүгінгі күннің көкейкесті мәселесіне қатысты «функциялық сауаттылық» термині ол кезде қолданылмаса да, ұлы педагог бар іс-әрекетімен, өзіне, мұғалімдерге қойған талаптарымен алған білімді өмірде, тәжірибеде қолдануға үндегенін аңғару қиын емес» [6, б.46]. Осылайша өз бетінше үнемі білімін толықтыру, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі жүзеге асыру арқылы Ыбырай бабамыз өзіне ғана емес, халқына да өлшеусіз қызмет етіп, Ұлы Дала тарихында өшпес із қалдырды. Ыбырай өнегесі педагог мәртебесін көтеруде мәңгілік маңызды болып қала бермек.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Серікбай Оспанұлы. Сөнбес шырақ. Қостанай. 2016 жыл. – 382 бет.
2. Ильминский И. Воспоминания об Алтынсарине. – 20-21 бет.
3. Ситдыков А.С., Педагогические идеи и просветительная деятельность И.Алтынсарина. – Алматы.: 1968. – 22 бет.
4. Ы.Алтынсарин. Үш томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы.: 1973. –176 бет.
5. Ә. Ламашев. Ыбырай Алтынсарин (семинарий). – Алматы.: 1988. – 36 бет.
6. П.Сүйінкина. Ы.Алтынсарин- кәсіптік білімнің негізін салушы. – Қостанай, 2018. – 46 бет.

## РОЛЬ ЛИЧНОСТИ ЫБРАЯ АЛТЫНСАРИНА В ЭПОХУ ДУХОВНОГО ВОЗРОЖДЕНИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

*Терекбаева Айман Абильмаликовна,*  
учитель биологии,

КГУ «Сарыкольская основная средняя школа  
отдела образования Карабалыкского района»

Управления образования акимата Костанайской области

### Аннотация

Өзектілігі: Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің озық идеяларының өзектілігі көрсетілген. Оның еңбектері елдің мектептері мен оқу орындарында оқылады.

Мақсаты: Ыбырай Алтынсариннің қазақстандық қоғамдардың қоғамдық және рухани-адамгершілік дамуындағы рөлі мен маңызын ашу.

**Түйінді сыңар сөздер:** жанашыл педагог, кәсіби шеберлік, халық гуманистік идеялар.

### Аннотация

Актуальность: В данной статье показана актуальность передовых идей Ы. Алтынсарина. Его произведения читаются в школах и других учебных заведениях страны.

Цель: Раскрыть роль и значение Ыбрая Алтынсарина в общественном и духовно-нравственном развитии казахстанского общества.

**Ключевые слова:** педагог-новатор, педагогическое мастерство, народ, гуманистические идеи.

### Abstract

Relevance: This article shows the relevance of the advanced ideas of the University. Altynsarina. His works are read in schools and educational institutions of the country.

Goal: To reveal the role and significance of Ybyrai Altynsarin in the social, spiritual and moral development of the Kazakh society.

**Keywords:** teacher-innovator, pedagogical skills, people, humanistic ideas.

Из когорты выдающихся людей можно выделить прекрасного педагогического деятеля, чье имя вошло золотыми буквами в историю казахстанского образования, человека, который жил и творил для народа – Ибрая Алтынсарина. Мы должны ценить культурное наследие, помнить людей, внесших огромный вклад в развитие нашей прекрасной страны.

Известно, что Ибрай Алтынсарин родился и жил на территории нашей области. Всю свою жизнь он способствовал развитию образования среди своего народа, так как он был патриотом своей Родины, хотел, чтобы казахский народ был грамотным, поскольку понимал, что образование является фундаментальной основой в духовном развитии и росте любого народа. Образование несет в себе свет, а без него человек невежда. Сам он с детства любил учиться, а потом любил учить и искренне хотел, чтобы люди вокруг него жили лучше.

В то время, когда жил великий педагог, среди казахов было мало грамотных людей, потому что не было школ, где можно было получить знания.

Ибрай Алтынсарин много труда вложил в то, чтобы казахский народ стал просвещенным. Об этом свидетельствуют открытия школ, являющиеся отправной точкой в